

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 21 қарашадағы № 159 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 7 және 44-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 21 қарашадағы
№ 159 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 36 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін әлеуметтік қамсыздандыру, зейнетақы құқықтарын сақтау, медициналық көмек көрсету және кәсіби қызметі мәселелері жөніндегі консультативтік комитет туралы ереже мынадай мазмұндағы 7¹-тармақпен толықтырылсын:

"7¹. Комитет төрағасының орынбасары болып Комитет қызметінің бағыттары жөніндегі мәселелер құзыретіне кіретін Комиссия департаментінің басшысы тағайындалады.

Комитет төрағасының орынбасары Комитет төрағасы болмаған жағдайда немесе оның тапсыруы бойынша Комитет төрағасының осы Ереженің 7-тармағында көзделген функцияларын орындайды."

2. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 25 қазандағы № 139 шешімімен бекітілген Көші-қон саясаты жөніндегі консультативтік комитет туралы ережеде:

а) 6-тармақта:

бірінші абзацтағы "уәкілетті өкілдерінен" деген сөздер "басшыларынан (басшыларының орынбасарларынан)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац "Комитеттің құрамына" деген сөздерден кейін "мүше мемлекеттердің ұсыныстары бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Уәкілетті органдар Комитеттегі уәкілетті органдар өкілдерін ауыстыру қажеттігі туралы Комиссияны дер кезінде хабардар етіп отырады, сондай-ақ оның құрамына өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар береді.";

б) мынадай мазмұндағы 8¹-тармақпен толықтырылсын:

"8¹. Төрағаның орынбасары болып Комитет қызметінің бағыттары жөніндегі мәселелер құзыретіне кіретін Комиссия департаментінің басшысы тағайындалады.

Төрағаның орынбасары Төраға болмаған жағдайда немесе оның тапсыруы бойынша Төрағаның осы Ереженің 8-тармағында көзделген функцияларын орындайды.";

В) 9-тармақ "Комиссияның" деген сөзден кейін "Комитет қызметінің бағыттары жөніндегі мәселелер құзыретіне кіретін" деген сөздермен толықтырылсын.